

2020 жылдың қаңтар-ақпан айларында жүргізілген іс-шаралар бойынша ақпарат

2020 жылдың қаңтар айында ЖҒК мүшелерінің 2 мәрте жиналысы өтілді, 2020 жылға жұмыс жоспары және Университеттің ғылыми бағыттарын дамытудағы маңызды іс-шаралар талқыланды.

2020 жылдың ақпан айында ЖҒК жоспарына және ҚарМТУ ректоратының бұйрығына сай барлық факультеттерде студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ұстаздарға арналған семинарлар жүргізілді. Семинарда мақала жазу, Science Direct базасын қолдана әдебиеттік шолу жасау, ғылыми және стипендиалды конкурстарға қатысу секілді басты сұрақтар бойынша баяндама жасаушылар презентациялар көрсетті, мақала іздеудегі басты сайттармен (<https://apps.webofknowledge.com/>, www.scopus.com) таныстырды, SiteScore көрсеткішін қалай қарау керектігін түсіндірді.

Семинарларда «жалған» журналдар туралы да сұрақтар қарастырылды.

Қорытынды ретінде, ғылыми конкурстарға қалай қатысу керектігі жайлы негізгі ақпарат берілді.